


Елбасы, Қазақстанның тұңғыш Президенті -  
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев



## Отбасы және балалық шағы

**Нұрсұлтан Назарбаев** 1940 жылы 6 шілдеде Алматы облысының Қарасай ауданына қарасты Шамалған ауылында Әбіш пен Әлжанның отбасында дүниеге келген.

- **Жұбайы — Сара Алпысқызы** — Халықаралық «Бөбек» балалар қайырымдылық қорының негізін қалаушы.

Президенттің үш қызы бар:

- **Дариға** — саясат ғылымдарының докторы, ЖАҚ "Хабар" Ақпараттық агенттігінің директорлар Кеңесінің Төрайымы, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты.
- **Динара** — Н.Ә. Назарбаев атындағы білімді қолдау қорын басқарады. Форбес журналының мәліметі бойынша 2011 ж. наурыз айына қарасты 1.3 миллиард АҚШ долларын құрайтын әл-ауқатымен Қазақстанның ең бай әйелі боп саналды.
- **Әлия** — бизнеспен айналысады, «Элитстрой» құрылыс компаниясын басқарады.

Н. А. Назарбаевтың жеті немересі және екі шөбересі бар.







*Жасөспірім шағы  
Нұрсұлтан тек өз сыныбындағы ғана емес, мектептегі ең үздік оқушының бірі болды, сабақты зор ынтықыласпен оқыды. Ол өзінің аса құштарлығын білетін ағайын-туыстары әкеп берген кітаптардың бәрін оқып шығуға жан-тәнімен кірісті. Жас кезінде Іле Алатауының баурайында жазғы демалыс күндерінде әкесіне көмектесіп жүргенде тұңғыық жұлдызды аспан астында жанған алау маңына түнеген романтикалық сәттері де болды. Әке-шешесі осы өлкеде ежелгі заманда өмір сүрген бабалардың берік түп-тамырынан сыр шертетін салиқалы әңгімелер айтып, жан-дүниені тербейтін әндер шырқайтын. Кез келген қазақ білмеуі ұят саналатын жеті ата туралы айтылатын. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, қазақтың өткені мен болашағын жалғап келе жатқан халықтың осы бір ауыр, бірақ үйлесімді тіршілігінің мәңгі және аса мәнді екенін сезінетін.*








*Президент Нұрсұлтан  
Назарбаевтың  
бозбала шағынан сыр*

**19 жастағы Нұрсұлтанның  
ақиық арман жетегімен  
металлургтер қаласы  
саналатын Теміртауға  
келуімен басталады.  
Тәуекелге бас тігіп,  
Үшқоңырдың жасыл  
жайлауынан Теміртаудағы  
комбинаттың қоймалжың  
балшығына түскен жас жігіт  
аянбай еңбектенеді**





**1960**1960—**69** жж. — Қарағанды металлургия зауытында жұмыс істеді.

**1969**1969—**73** жж. — Қарағанды облысы Теміртау қаласындағы партия-комсомол жұмыстарында жауапты қызметтер атқарды.

**1973**1973—**77** жж. — Қарметкомбинаттың партком хатшысы.

**1977**1977—**79** жж. — Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы, 2-ші хатшысы.

**1979**1979—**84** жж. — Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы.







1990 1990 ж. ақпан 1990 ж. ақпан—  
сәуір аралығында Қазақ КСР Жоғары  
Кеңесінің төрағасы болды.

1990 1990 ж. сәуірінен 1990 ж. сәуірінен — Қаз

*1991 ж. желтоқсанның 1-де тұңғыш рет Қазақстан республикасы Президентінің жалпыхалықтық сайлауы өтті. Сайлау нәтижесінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басым дауыспен (98,7 %) жеңіске жетті.*







*1999 ж. қаңтардың 10  
да өткен  
жалпыхалықтық  
сайлаудың нәтижесінде  
Н. Назарбаев 79,78 %  
дауыс алып, Қазақстан  
Республикасының  
Президенті болып қайта  
сайланды.*



---

*2005 жылы  
Желтоқсанның 4 - інде  
сайлаушылардың  
91,5 % дауысын  
алып, Қазақстан  
Республикасының  
Президенті болып  
қайта сайланды.*



*Ардақты ұлын ұлықтаған  
ұлағатты ұлтымыз айнымас  
басшысының еңбегін жоғары  
бағалады. Қазақстан  
Республикасының қайта  
қабылданған  
Конституциялық заңы  
негізінде 2010 жылы 15  
маусымда Қазақстан  
Республикасының Президенті  
Нұрсұлтан Назарбаевқа  
Елбасы (Ұлт Көшбасшысы)  
мәртебесі берілді.*





*2011 жылдың 3 сәуірінде  
өткен Қазақстан  
Республикасы  
Президентінің кезектен  
тыс сайлауында  
Мемлекет басшысы  
Нұрсұлтан Назарбаев  
сайлаушылардың 95,55  
пайыз дауысын жинап,  
жеңіске жетті.*





*Астана. 14 қараша - 2004 жылы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Жыл адамы» ұлттық сыйлығының лауреаты атанды.*





### *Кітаптары:*

- «Важнейшее условие интенсификации» (А., 1983),
- «Стальной профиль Казахстана» (А., 1984),
- «Экономика Казахстана: реальность и перспектива становления» (А., 1988),
- «Без правых и левых» (М., 1991), «Стратегия развития Казахстана как суверенного государства» (А., 1992),
- «Стратегия ресурсосбережения и переход к рынку» (М., 1992),
- «Идейная консолидация общества как условие прогресса Казахстана» (А., 1993),
- «Нарық және әлеуметтік-экономикалық даму» (А., 1994),
- «Ғасырлар тоғысында» (А., 1996),
- «Евразийский союз: идеи, практика, перспективы» (М., 1997),
- «Тарих толқынында» (А., 1997),
- «О времени, о судьбах, о себе...» (Лондон, 1997),
- «Стратегия трансформации общества и возрождение евразийской цивилизации» (М., 2002),
- «Бейбітшілік кіндігі» (А., 2002),
- «Сындарлы он жыл» (А., 2002),
- «Еуразия жүрегінде» (А., 2005).
- «Қазақстан жолы» (А., 2012).
- «Тәуелсіздік белестері» (А., 2012).
- «Ғаламдық қоғамдастықты түбегейлі жаңарту стратегиясы және өркениеттер серіктестігі» (А., 2012).



## Назарбаевтың бастамасымен ашылған оқу орындар

- Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті
- Қазақстан менеджмент институты
- Экономика және болжау институты
- Қожа Ахмет Йассауи атындағы Қазақ-түрік университеті
- Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті
- Ұлттық Мемлекеттік заң университеті
- Назарбаев Университеті
- Назарбаев Зияткерлік Мектебі
- бірқатар лицейлер мен колледждер
- Президенттік «Болашақ» бағдарламасы іске асуда, ол бойынша жастар дүние жүзінің ірі оқу орындарында білім алып жатыр.
- Аса талантты балалар үшін президенттік «Дарын» сыйлығы тағайындалған.




## Басқа лауазымдары мен мансаптары:

- Экономика ғылымдарының докторы (1993)
- ҚР ҰҒА-ның (1995) және басқа да ғылыми мекемелер мен шетел оқу орындарының академигі
- Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы
- Қазақстанның Қарулы Күштерінің Жоғары Бас Қолбасшысы
- Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығының төрағасы
- Нұр Отан Халықтық-демократиялық партиясының төрағасы
- Дүние жүзі қазақтары ассоциациясының төрағасы
- Орталық Азия мемлекеттері Достық қорының құрметті төрағасы
- ЕҚЫҰ-нің бас төрағасы
- Бірнеше жыл Халықаралық Аралды құтқару қорын басқарды



1962ЖЫЛ



Студенттік кезеңі





# «ЕЛБАСЫ ОТБАСЫМЕН»



# «ЕЛБАСЫ ОТБАСЫМЕН»





# «ЕЛБАСЫ ОТБАСЫМЕН»





Бос уақытында спортпен шұғылданып,  
домбыра тартқанды ұнатады





**«Нұрлы жол – болашаққа бастар жол»**



Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев сәуірдің 6-сында Инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Жарлыққа қол қойды. Былтырғы Елбасы жариялаған «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Жолдауынан туындайтын бағдарлама елдің макроөңірлерін біріктіру және хаб қағидаты бойынша бірыңғай нарықты қалыптастыруға негізделген жаңа экономикалық саясатты іске асыруға бағытталып отыр. Ең бастысы, бағдарлама экономика өсіміне жағдай жасай отырып, қазіргі бар жұмыс орындарын сақтайды және жаңа жұмыс орындарын ашуды қамтамасыз етеді, іскерлік белсенділікті, өнімділікті және елдің транзиттік әлеуетін арттырады. «Нұрлы жол» бағдарламасы негізінен экономикалық дағдарыстың алдын алып, барша қазақстандықтардың әлеуметтік ахуалын төмендетпеуге бағытталғаны белгілі. Осындай маңызды бағыттың шеңберінде бағдарламаның негізгі міндеттері де айқындалған болатын. Атап айтқанда, бұлар «шұғыла» қағидаты бойынша тиімді көліктік-логистикалық инфрақұрылымды құру, индустриялық және туристік инфрақұрылымдарды дамыту, бірыңғай электр энергетикасы жүйесін дамыту шеңберінде энергетикалық инфрақұрылымды нығайту шараларын қарастырады. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын жаңғырту, азаматтардың тұрғын үйге қолжетімділігін арттыру сондай-ақ, білім беру саласының инфрақұрылымын дамыту мәселелері де бағдарламаның аясында жандана түспек. Бұдан бөлек, ағымдағы экономикалық жағдайды ескере отырып, «Нұрлы жол» бағдарламасы өңдеу өнеркәсібі салаларының жекелеген секторларын, агроөнеркәсіп кешенін экспорттаушыларды қолдаудың дағдарысқа қарсы шараларын, сондай-ақ ішкі нарықты қорғау және геологиялық барлауды жандандыру мәселелерін қамтып отыр. Ұлттық экономика министрлігінің мәліметіне қарағанда, қазіргі таңда «Нұрлы жол» бағдарламасын бюджеттік қамту толығымен шешімін тапқан. Атап айтқанда, бағдарламаны іске асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015 жылы - 796 млрд. тенге, 2016 жылы - 379 млрд. тенге, ал 2017 жылы - 3 млрд. АҚШ доллары эквиваленті көлемінде қаражат бағыттау жоспарлануда. Сонымен қатар, Халықаралық қаржы институттары есебінен индикативті бірлесіп қаржыландыру көлемі 9 млрд. АҚШ доллары шамасын құрайтын болады. Ал ұлттық компаниялар мен даму институттарының меншікті қаражаты есебінен «Нұрлы жол» шараларын қаржыландыру 240,9 млрд. теңге болады. Жалпы алғанда «Нұрлы жол» бағдарламасы негізгі екі блоктан тұрады. Оның біріншісі - инфрақұрылымды дамыту. Бұл блогтағы жобалар 7 бағыт бойынша өрбімек.




## «Нұрлы Жол» бағдарламасы – дағдарысқа қарсы тиімді құрал

«Нұрлы Жол» бағдарламасы жаңа дағдарысқа қарсы шаралармен толықтырылады, соның ішінде:



Отандық машина жасау саласын және экспортшыларды қолдау



Шағын және орта бизнес кәсіпорындары үшін инфрақұрылымдар жүргізу



АӨК-ті мемлекеттік қолдауды ұлғайту



Ішкі нарықты қолдау

# 250 000 000 000 000

теңге

көлемінде шұғыл жедел шаралар қабылдау үшін резерв құрылады

«Нұрлы Жол» бағдарламасы Астанада шұғыла қағидаты бойынша тиімді көлік-логистикалық инфрақұрылымды қалыптастыруға бағытталды. 2015-2017 жылдары Ұлттық қордан көлік, энергетикалық, индустриялық және әлеуметтік инфрақұрылымдарды, шағын және орта бизнесті дамытуға


# 500 000 000 000

теңге бөлінеді.

29 000 000 000 теңге астаналық әуежайдан жылына 3,5-тен 7,1 миллионға дейін жолаушы өткізу мүмкіндігін ұлғайтуға

40 000 000 000 теңге ЭКСПО-2017 көрмесінің құрылысын несиелеуге

81 000 000 000 теңге «құрғақ порт» алғашқы кешенін, «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы және Атырау мен Тараздағы «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» инфрақұрылымдары құрылысын аяқтауға




250 000 000 000 теңге банк секторларын сауықтыруға және «нашар» несиелерді сатып алуға

100 000 000 000 теңге шағын және орта бизнеске, сондай-ақ ірі кәсіпкерлікке жеңілдікпен несиелеуге

## «Нұрлы Жол» бағдарламасының бағыттары



Көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту



Индустриялық инфрақұрылымды дамыту



Энергетикалық инфрақұрылымды дамыту



ТҚШ инфрақұрылымдары мен су және жылумен жабдықтау желілерін жаңғырту



Тұрғын үй инфрақұрылымын нығайту



Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту



Шағын және орта бизнесті және іскерлік белсенділікті қолдау





НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАҚМЕТ!